

**СӨЖ №4 тақырып:** Өсімдік атауларынан салт-дәстүрге байланысты жасалған кейбір тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы

**Сабақтың мақсаты:** Тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатын және өсімдік атауларының салт – дәстүрге байланысты жасалғандарын студенттерге түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Өсімдік атауына қатысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатына тоқталу.
2. Қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері.
3. Этнолингвистикалық этюдтер. Баспа беттерінен.

**Тапсырма:** Өсімдік атауларына байланысты тұрақты тіркестерді теріп, сөздік құру

**Тұрақты теңеулер** – танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған тіркестер.

**Фразеологизмдер** – тілде тұрақталып, даяр қалпында жұмсалатын, тақырып, мағына, тұлға жағынан әртүрлі болып келетін, адамның іс-әрекетін, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор тілдік бірліктер.

**Мақал-мәтелдер** – этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталған тілдік бірліктер.

**Жұмбақтар** – бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой потенциясын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс.

**Ауыз әдебиеті үлгілері** – жанры мен тақырыбы, құрамы мен құрылымы, мазмұны мен мағынасы әр алуан болып келетін, халық жадында сақталып, рухани мұра болып, ұласып, ауысып келе жатқан әдебиет үлгілері.

Тапсырма орындауға арналған кесте:

Р/с	Тұрақты тіркес	Мағынасы

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 8 апта